

Шектеу іс-шараларын алып тастау және Ордабасы ауданы Бөржар ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 78 "Бөржар ауылдық округіне қарасты Теспе елді мекені Әйтеке би көшесінің аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Ордабасы ауданы Бөржар ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 19 тамыздағы № 127 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 тамызда № 5169 болып тіркелді

Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 46-бабының 2-тармағына және Ордабасы аудандық аумақтық инспекция басшысының 2019 жылғы 26 маусымдағы № 02-05/140 ұсынысы негізінде, Бөржар ауыл округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 1 (бір) мал табынының арасынан бруцеллез ауруын жоюға қатысты ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты Бөржар ауылдық округіне қарасты Теспе елді мекені Әйтеке би көшесінің аумағында шектеу іс-шаралары алып тасталсын.

2. Ордабасы ауданы Бөржар ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 78 "Бөржар ауылдық округіне қарасты Теспе елді мекені Әйтеке би көшесінің аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5046 болып тіркелген, 2019 жылғы 22 мамырында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бөржар ауыл округі әкімі

Е. Алтынбаев